

Кітапхана-рухани жаңғырудағы басты құндылығымыз



кожайыны. «Сөйлеу мәдениеті» кітапханашының басты құралы.

Оқырмандарды кітаппен кездестіре отырып, бүкіл адамгершілікке қатысты қасиеттерді тануға үйретеді. Менің ойымша кітапханашы «бесаспап» болған уақытта ғана бүгінгі күннің талаптарын орындай алмақ. Кітапхана жұмысында жаңа технологияларды қолдану- кітапхана қызметінің сапасын арттырып, оқырман санын толықтырып, мәдени деңгейінің көтерілуіне тиімді әсер етеді. Осының бәріне себепкер болып отырған біздің Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлерінің ай сайынғы өткізіп отыратын кәсіби семинарлары ауыл кітапханашыларының арасында өзара байланысты жақсартып, жұмыс жүргізудің жаңа тәсілдерін іздестіріп, табуға мүмкіндік жасап отыр деп айта аламын. Әр кітапханашы өз жұмысын сүйіспеншілікпен атқарса, біздің еліміздің кітапханалары өркениетті елдердің кітапханаларымен иық түйістіретініне еш күмән жоқ. Аудандық қызметкерлердің ауыл кітапханашыларына жасаған әр талаптарын, әр кітапханашы тұрақты ұстанып отырса, оның күш-қуаты әрдайым жоғары болады да, жұмысының сапасы артып еңбегі де әрдайым жана түседі.

Сан түрлі мамандықтар бар, бірақ кітапханашы мамандығы мен үшін өзінің өте қызықты да, тартымдылығыменен ерекшеленеді. Кітапхана ақыл-білім, адамгершілік ордасы, ал кітапханашы ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазынаның сақшылары. Кітапханашылар кітапханаға келген әрбір оқырманға білім шуағымен қатар, көңіл шуағында шашып, мейірімді жүздерімен өздеріне баурап алады. Кітапханадағы көпшілік жұмыстардан қызметкер ретінде маған ұнайтыны, жастардың қарым-қатынасын қалыптастыратын, олардың пікір алмасу арқылы ойларын өрістететін органың әдеби клубтардың, жобалардың жұмысы. Жас ұрпақтың бетін, қазіргі технология дамыған заманда смартфоннан кітапқа бұрып, ықыласын кітапханаға аударатын іс-шаралардың жастарға, өскелең ұрпаққа берері мол. Сондай-ақ еңбекқор, табиғатынан зиялы, кез келген қиындыққа төтеп бере алатын кітапханашылардың игілікті істері қоғамға әрдайым қажет. Өскелең ұрпағымыздың рухани жаңғыруы үшін, ең бірінші сана жүру керек. Сондықтан да сананың жаңғыруы кітап пен ұлт деген, сана мен ой, даму мен өсу, өрениет өріне қадам жасау деген түсініктер қажет екенін ұққанда ғана үлкен дәрежеге жете аламыз.

Кітап - білім бұлағы екенін ұмытпайық. Кітап арқылы керек ақпаратты алып қана қоймай, өскелең ұрпаққа насихаттаймыз. Насихат - үйден бастау алады. Ата-ана кітап оқыса, өсіп келе жатқан ұрпақ да қолына кітап алары сөзссіз.

С.КЕНШИМОВА,

Байдалы би ауылдық үлгілі кітапханасының кітапханашысы